



Қазақстан Республикасы прокуратура органдарының "Тапсырмалар бойынша сома" бюджеттен тыс есебінің қаражатын қалыптастыру және пайдалану туралы НҰСҚАУ

Күшін жойған

Бекітілді Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы 1997 жылғы 22 шілдедегі N 359/ЦА Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 5 тамызда тіркелді. Тіркеу N 346. Күші жойылды - ҚР Әділет министрлігінің НҚА мемлекеттік тіркеу туралы 1997 жылғы 1 қазандағы қорытындысы. (~V970378)

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі
14.07.1997 ж. 22/5456

Қазақстан Республикасының
Бас прокуратурасы
14.07.1997 ж. 10-286-97

Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігі
14.07.1997 ж. N 559

Қазақстан Республикасы прокуратура органдарының "Тапсырмалар бойынша сома" бюджеттен тыс есебінің қаражатын қалыптастыру және пайдалану туралы Н ұ с қ а у :

1. Бұл нұсқау Қазақстан Республикасы Президентінің 17 наурыз 1995 жылғы 2127 қаулысына K952127_ , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 10 маусым 1997 жылғы N 943 P970943_ "Прокуратура органдарының "Тапсырмалар бойынша сома" бюджеттен тыс есебі туралы" қаулысына сәйкес жасалған және ол прокуратура органдарының "Тапсырмалар бойынша сома" бюджеттен тыс есебінің (ары қарай - бюджеттен тыс есеп) қаражатын қалыптастыруды және пайдаланудың тәртібін белгілейді.

2. Қаражатқа есеп жүргізу үшін Қазақстан Республикасының өкілетті банкінде және оның облыстық бөлімшелерінде Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы, облыстық прокуратуралар мен оларға теңестірілген прокуратуралар үшін "Тапсырмалар бойынша сома"-ның бюджеттен тыс есебі а ш ы л а д ы .

3. Бюджеттен тыс есептік қаражаты прокурорлық шара қолдану нәтижесінде мемлекет пайдасына өндіріліп алынатын соманың және өтелген төлемнің 50%-ін аудару есебінен қалыптасады.

А т а п а й т қ а н д а :

- кәсіпорындар мен ұйымдардың салық және басқа да міндетті төлемдер, сондай-ақ мемлекеттік алым түрінде уақтылы төлемеген, бірақ кейін өндірілген сомасынан;

- прокурорлардың ұйғарымдары мен талаптары бойынша мемлекет меншігіне өткен мүліктердің (иесіз мүліктер, беті ашылған заңсыз мәмілелердің нәтижесінде мемлекет меншігіне өткен мүліктер т.б.) құнынан;

- заң актілерін бұзу нәтижесінде мемлекетке келген залалдың сомасынан.

Мемлекет меншігіне өтетін мүлік ҚР Қаржы министрлігінің 10 қазан 1994 жылғы N 250 "а" бұйрығымен бекітілген "Мемлекетке мұрагерлік жолмен берілген тәркіленген иесіз мүлікті, қазынаны, олжаны, сондай-ақ асыл тастардан жасалынған бұйымдарды есепке алу, бағалау және сату тәртібі туралы" Нұсқауға с ә й к е с б а ғ а л а н а д ы :

Қазақстан Республикасы прокуратура органдарының "Тапсырмалар бойынша сома" бюджеттен тыс есебіне іс жүзінде аударылған сомалар, оның ішінде прокурорлық шара қолдану актісі негізінде салық салуға жататын заңды тұлғалар арасындағы өзара есеп сомасы өндірілген сома деп саналады.

Облыстық прокуратуралар мен оларға теңестірілген прокуратуралар іс жүзінде келіп түскен соманың 50%-ін ҚР Қаржы министрлігінің 20.05.96 жылғы N 111 бұйрығымен бекітілген "Қазақстан Республикасының кірістері мен шығыстарын бюджеттік топтастырудағы" кодты көрсетіп тиісті бюджеттің есебіне аударады, ал 50% мөлшеріндегі сома кейін ҚР Бас прокуратурасының бюджеттен тыс есебіне аударылуы үшін өздерінің бюджеттен тыс есебінде қ а л а д ы .

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының бюджеттен тыс есебіне аударылатын соманың нормативтің ол әрбір нақты жағдайда өзінше белгілейді.

Облыстық прокуратуралар мен оларға теңестірілген прокуратуралар Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының "Тапсырмалар бойынша сома" бюджеттен тыс есебіне нақты аударылған сома көрсетілген төлем құжатының көшірмесі тіркелген тізімді әр айдың 10 жұлдызына дейін Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына жібереді.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының "Тапсырмалар бойынша сома" бюджеттен тыс есебіне келіп түскен сома жайындағы жиынтық оперативтік мәлімет ай сайын әр айдың 15 жұлдызына дейін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне хабарланады.

4. Прокуратура органдарының шешімімен тексеру барысында ақша қаражаты

алынған жауапкер толық ақталса, келген залал, заңда белгіленген тәртіпте, прокуратура органдарының бюджеттен тыс есебіндегі қаражаттан өндіріледі.

5. Бюджеттен тыс есептегі қаражат мынаған пайдаланылады

а) Бас прокуратураның Ақмола қаласына көшуіне, қызметтік ғимараттарды, құрылыстарды, тұрғын үйлерді қайта құруға және тұрғызуға, қызметкерлер үшін пәтерлер сатып алуға;

б) прокуратура органдарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға.

6. Бюджеттен тыс есептің қаражаты белгіленген тәртіпте бекітілген шығындар сметасы мен хаттамалық шешімдер негізінде жұмсалады.

7. Ағымдағы есептің шығындар сметасын пайдалануды бақылау прокуратура органдарының қаржы қызметіне жүктеледі, ол тоқсан сайын бухгалтерлік есеппен бірге 4-п формада (код 0503241) "Тапсырмалар бойынша соманың жұмсалу барысы жөнінде есеп" береді.

Тапсырмалар бойынша шығынға жататын сома "Тапсырмалар бойынша соманың ағымдағы есебінің" 110 субесебінің дебетіне және "Тапсырмалар бойынша шығынға жататын қаражат есеп-қисабының" 176 субесебінің кредитіне жазылады. Республикалық бюджеттің пайдасына жатқызылатын соманы аудару 173 субесептің дебеті мен 111 субесептің кредитіне жазылады.

Республикалық бюджеттің пайдасына жатқызылатын соманы есептеу "Бюджетке төленетін төлемдер бойынша есеп жүргізудің" 176 субесебінің дебеті мен 173 субесептің кредитінде көрсетіледі.

176 субесеп бойынша жүргізілетін есеп-қисапты талдау тапсырмаларды орындауға қаржысы келіп түскен органдарға қатысты, ф.292-а карточкаларында (292 кітапта) жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Бас прокурорының
орынбасары

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
орынбасары

